



Оспан Әлібаев (1908-1971) шопан, [Социалистік Еңбек Ері](#) (1949). [Жаңаарқаның](#) түлегі. 1936 жылдан бастап. [Карл Маркс](#) атындағы қой кеңшарында ұзақ жыл еңбек атқарған Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру науқаны қолға алынған кезде Әлібаев аудан бойынша ең үздік көрсеткіштерге жетті. Әр 100 саулықтан 120-125-тен [қозы](#) алып, мал басын шығынсыз аман өсірді. Ол ұжымшардың жылқы шаруашылығын басқарып, бұл жұмыста да абыройлы еңбегімен көрінді. [Ленин орденімен](#) марапатталған. ¹¹

ЖАҢААРҚАНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

...Соғыстан кейінгі ауыр күндер. Ел еңселене қоймаған. Ауыр тұрмыс пен таусылмайтын бейнет титықтатып тұр елді.

Бозторғай шырылымен оянған Осекең тысқа шығып келді де, таңғы шәйін әзірлеп жүрген зайыбы Бибіқызға қарата:

– Апыр-ай, күн райы солғын тұр. Бұзылып кетпесе, жарады. Төл төгіні басталғалы тұрғанда, қиналып қалмасақ нетті. Айтбекті (немере бауырының баласы Айтбек Бүргенбаев) оятпай-ақ қоярсың. Ұйқысы қансын әбден. Тұрған соң, оған жақсылап шәй демдеп бер. Шәйді керемет жақсы көреді, – деді.

Әңгіме осымен сарқылған. Онсыз да сөзге сараң Осекең ары қарай тіс жармаған күйі таңғы шәйін сімірді.

...Бұл еңбек армиясынан оралып, колхоздың қойын бағуға шыққан алғашқы жылдың бір таңындағы әңгіме. Мезгіл – қыс. Отардың қондылығы жақсы болды да, төл алуды қаңтар айында бастауға тәуекел еткен колхоз басшылығы. Оның үстіне, Оспанның еңбекқорлығы мен жауапкершілігіне деген сенім де бар бұл тәуекелдің астарында. Сол сенім ақталды.

...Шудың бойын артқа тастап, Арқаға Бетпақдала арқылы құлаған көштің басында – К.Маркс атындағы колхоздың аға шопаны Оспан Әлібаев. Бұл –

қаралы көш емес. Шу бойына мал қыстатуға қара күзде келіп, қар суымен Арқаны бетке алған шаруақор көш. Далаға қос тігіп, сексеуілдің шоғымен бой жылытып, көктеменің жібімеген тоңымен елге қайтып келеді. Енді екі қонып, екпіндей жылжыса, Жетіқоңырдың құмына да тұяқ ілігеді.

Ортадағы жерошақта маздаған сексеуілдің шоғынан көзін алмай, терең ойға шомған Осекеннің көз алдынан өткен өмір белесі өтіп жатыр.

Не көрмеді?! Ашаршылық. Нәубет. Өзегі талып, өлексеге айналған бауырлардың, ауылдастың мүрдесі. Арқа жұрты түстік пен теріскейдің бағытынан жаңылған. Бір әулет Шуды бетке алса, екінші әулет Нұраға ағылған. Қорғалжынның көлін жағалап, балық пен құстың етімен жан сақтағандары да бар. Әлібайдың әулеті Ақмоланы бетке алған. Әке мен шеше жан тәсілім етіп, ақыры тұл жетім қалды. Қос бауыры Әбен мен Ибрагимді жетектеп, жан сауғалап көп жүрді Осекен. Ақмоланың да ағы мол болмады үш жетімекке. Елді бетке алып, ауылға қарай жылжыған. Сол уақытта «Қарағанды-Жезқазған» теміржолының құрылысы басталып еді. Сонда аялдады. Жансақтау үшін. Құрылысқа кіріп, талғажау тапты. «Қарамұрын» стансасының түбінде салынып жатқан көпірге арбамен тас тасып, жансақтады-ау, әйтеуір. Жан сақтағанда, еңбекақы алды дейсің бе?! Қайдағы... Күні бойғы бейнеттеріне арасы суланған бір түйір қара нан бұйырса... Асқазанға қақ тұрса, бастарына бақ қонғандай шаттанатын.

...Осының бәрін ой елегінен өткізіп отырып, көз алды тұманданып кетеді Осекеннің. Қалай шыдаған? Неткен төзім? Өзін қойшы, бұғанасы бекімеген екі інісін айтсаңшы. Тілерсектері майысып, белдері қайысып, тау қопарып, тас арқалады-ау...

Бесіктен белдері шықпай жатып, бейнетке малынған Әлібай балаларының әлі оңалып кеткені жоқ. Елге келген жаяу-жалпылап. Соғыс өрті тұтанып, Әбен майданға, бұл еңбек армиясына аттанды. Ашқұрсақ күйден арылмапты әлі. Еңбек армиясынан келіп, колхоздың бір отар қойын қабылдап алған. Ендігі бейнеті – мынау. Арқадан – Шуға, Шудан – Арқаға жөңкіліп... Ауыр күрсініп, терең тыныстап, жерошаққа үңілген.

Сексеуілдің шоғы – қып-қызыл. Кейінгі кездері көз алдынан жанар шарпितын осы түс (қызыл) кетпей қойсын... Қып-қызыл бейнеті шығар.

Осекен осылай ойлаған. Бірақ, енді бір шамалы уақытта омырауында жарқырайтын Қызыл Жұлдыз қаперіне кірмеген. Өйткені, жетімдік дінкелеткен Оспан беліндегі бейнетті атақ, даңқ үшін арқалап көрген емес.

...Түнімен мазасы қашқан Мұхаметжанды емізіп болып, аунай бергені сол еді, Осекеннің бос қалған орнына назары түсіп кетті Бибіқыздың. Көңіліне кірген алаң сейілер емес. Жыртық шапанды желбегей жамылып, тысқа беттеді. Тырс еткен дыбыс жоқ далада. Әшейінде, әуілдеп, ауыл-үйді азан-қазан ететін төбеттердің де үні өшіпті. Есік алдында сәл аялдап, тың тыдады

да қораға беттеді. Иә, қораның тулақпен қапталған еңкіш есігі сықырлағандай болды да, аспа шамның жарығы жылт етті. Қолындағы фонарын білегіне ілген Осекең шығып келеді.

– Жарығым-ау, қораға түнейтін болғанбысың? Малмен мал болғанымыз ғой, сорлы-ау, – деді Бибіқыз тыным көрмейтін отағасына жаны ашыған кейіп танытып.

– Ә, Бибіқыз, сенбісің? Бала қайда? Не істеп жүрсің?

– Бала ұйықтап жатыр. Ұйқымның берекесі кетіп, ояна қалсам, сен жоқсың. Алаңдап шыққаным ғой.

– Несіне алаңдайсың? Жаңа туған қозы болса, тоңып қалар деп шыққанмын. Алланың күні райын бермей тұрған жоқ па?! Осы бейнетімнің қызығын мен емес, балалар мен сен көресің әлі, – деді Осекең.

– Әй, қайдам. Бізге бұйырған сор мен бейнеттің сейілер уақыты болар деймісің?

– Бәлі, неге болмасын?! Болады әлі.

Таң алдындағы дауыстың жаңғырығып шығаты әдеті емес пе. Екеуінің даусы қоржын үйге енгенше жаңғырып тұрды. Бірақ, екеуі де бұл жаңғырықтың зор жетістік пен паң мәртебенің жаңғырығы екені сезген жоқ. Киізбен қапталған есік жабылып, терімен қапталған терезеден болмашы сәуле тарады далаға. Ендігі ұйқы ұйқы болсын ба? Екеуі пеш үстінде қайнап тұрған шәугімді ортаға алып, екі түйір құртты ортаға лақтырып, таңғы шәйсымағын ішуге отырған...

...Осекеңнің айтқаны айдай келді. Осы жылы колхоз басқармасының келуі жиілеген. Алғашында осы сорлы нені қорып жүр екен деп ойлаған. Сөйтсе, колхоз төрағасы Смайыл Қосыбаев сапарының жиілеуінде үлкен сыр бар екен. Колхоздың озат шопаны Оспан Әлібаевтың бағымындағы отардың күйі жақсы. Алла жазса, төл төгіні нәтижелі болмақ. Тек қана қапы қалмай, мүмкіндікті мүлт жібермеу керек. Сондықтан, сол отарда жиі болып, төл алу науқанын тиімді ұйымдастыруға ұмтылыс жасап жүр екен. Қоңсы қонған қос колхоздың үміті – Оспанда. Биылғы төл жоспарымен колхоз абыройы аспандауы керек. Міне, колхоз басқармасы Смайыл ақсқалдың бар ойы – осы ғана.

Құлық-сұмдық, атақ-даңқ дегенмен ісі болып көрмеген Осекең қайдан білсін оны?!

Не керек, қаңтарда басталған төл алу науқаны наурызда мәреге жетті. Онсызда түнімен ұйықтамайтын Осекең қораға түнеп жүріп, әр қозының амандығы үшін тер төкті. Қозыны күпәйкеге орап жылытып, енесінің бауырына салып ауыздандырып, таңды атырады. Күн өзі бататын.

Сонымен, Оспан Әлібаев бағымындағы отардың әр 100 саулығының соңына 126-дан қозы ерді. Жаз ортасында әр қозы 40 кг-нан ет берді. Бұл сол кездегі мүмкіндікпен салыстырғанда, шынымен-ақ, рекордтық көрсеткіш еді.

Сөйтіп, Оспан Әлібаев Жаңаарқа ауданы бойынша тұңғыш болып 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауына Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» қадалды.

Осекеңнің ойына баяғы сексеуілдің шоғы оралды. Бибіқыздың құлағына жаңғырық келді. Батырдың ойына шырмалған шоқ еңбектің шоқ жұлдызы, Бибіқыздың құлақ құрышын қандырған жаңғырық абыройдың дабылы екен. Осы жолы шоқтай жанған жұлдыздың қызуы сексеуілдің қызуын екі орайды. Өйткені, бұл жұлдыз маңдайдан сорғалаған терге суарылған.ал, жаңғырық мәңгілікке дабыл қағып тұр.

...Бибіқыз апайдың құлағына тағы жаңғырық келген.

– Осы бейнеттің қызығын мен емес, балалар мен сен көресің!

Осекеңнің даусы. Құлағының түбінен күбірлеп тұрғандай... Рас, көріп отыр қызығын. Әулие екен ғой, жарықтық.

...Осекең өмірден баз кешкен. Ел шежіресінде, жер тарихында есімі қалды. Жұлдызы тұр жарқырап. Ауылдағы мектепке есімі берілді. Сөйтіп, Оспан Әлібаевтың мәңгілікке сапарлаған екінші өмірі басталған.

«Батырдың бәйбішесі» атанған Бибіқыз апай мен «Батырдың ұрпағы» атанған ұл-қыздары мемлкеттік тұрғыдан құрмет көріп келеді. Лайықты құрмет, лайықты сый. Далада түлеп, қораға түнеп жүріп жаққан Жұлдыздың сәулесі мәңгі көмескіленбейді.

...Бибіқыз апайдың жасы – 93-те. Қолына Осекең омырауына таққан «Алтын Жұлдызды» алып, сипалап отыр. Ыстық. Көрген бейнет пен тартқан азаптың табы сақталыпты. Бұл қызу – мәңгіліктің қызуы. Соғыс жылдарында аспанды торлап алған бұлтты жарып, бір жұлдыз жарқ еткен. Осы Жұлдыз! Жаңаарқаның жарық Жұлдызы! Бибіқыз апамның алақанында тұр. Оспан әкеміздің маңдайынан ыршып түскен бір тамшы тердің көшірмесі – бұл! Осекеңнің маңдай тері де осындай ыстық болатын...